

Бүйрек қосымша I

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК
Астана қаласының Білім басқармасы



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АТА-АНАЛАРҒА
АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2023 ж.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункт ұйымдастыру мәселелерін қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕР

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырган, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырган отбасыларға, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырган ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік және консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пункт қала аумағында мектепке дейінгі білім берудің (бұдан әрі - МДҰ) колжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабактастығын қамтамасыз ету максатында күрүлады.

2. Консультациялық пункттің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (занды өкілдерге) баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыратын консультациялық көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы проблемаларды тану, диагностикалау;
- мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) көмек көрсету;
- ата-аналарды (занды өкілдерді) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдары туралы хабардар ету.

3. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру қағидаттары:

- құпиялылық қағидаты: баланың және оның отбасының ерекшеліктері туралы ақпарат ата-анасының келісімінсіз жария етілмейді;
- кешенділік қағидаты: ата-аналармен жұмысты әртүрлі бейіндегі мамандар тобы жүзеге асырады;
- ғылымилық қағидаты: мектепке дейінгі ұйым ұсынатын ақпарат сенімді/расталған болуы керек;
- қолжетімділік қағидаты: ата-аналарға арналған барлық ақпарат артық терминологияны қолданбай қол жетімді түрде беріледі.

4. Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

- 4.1. МДҰ базасындағы консультациялық пункт қалалық Білім басқармасының бүйрығы негізінде балабакша менгерушісінің ішкі бүйрығымен өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық-гигиеналық

нормаларды сактай отырып, кадрлық, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдарды ете отырып құрылады және мектепке дейінгі үйымның Жарғысында көрсетіледі.

4.2. Консультациялық пункт МДҰ менгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

4.3. Ата-аналармен (занды өкілдермен) тікелей жұмысты консультативтік пункт мамандары (штат кестесіне сәйкес логопед, педагог-психолог, тәрбиешілер, музикалдық жетекші, дene шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, әдіскер және басқа да қызметкерлер) жүзеге асыра алады.

4.4. Мамандар ата-аналарга (занды өкілдерге) ұсынымдар береді және оларға өз құзыреті шегінде консультация береді. Көмек тегін көрсетіледі. Ата-аналар (занды өкілдер) алғашқы жүгінген кезде консультация ала алады немесе мектепке дейінгі үйымның нақты қызметкерімен кездесу туралы келісе алады.

4.5. Ауызша консультациялардан басқа ата-ана (занды өкіл) баспа (буллеттер, жадынамалар, практикалық материалдарды іріктеу) және электрондық тасығыштарда (фото және бейнематериалдар, флэш-карталар, балабақша сайтына кіру) пайдалы ақпарат алады.

4.6. Консультациялық пункт мамандарының жұмыс режимін МДҰ жұмыс режиміне сүйене отырып, менгеруші дербес айқынрайды.

4.7. Ата-аналармен (занды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- жеке және кіші топтық кеңестер;
- семинар-практикумдар;
- дәңгелек үстелдер;
- мәлімделген мәселе бойынша тақырыптық сабактар;
- пікірталастар;
- тренингтер;
- ашық сабактар.

4.8. Ата-аналармен (занды өкілдермен) топтық сабактардың жиілігі айна 1 рет, жеке сабактардың жиілігі белгіленген кестеге сәйкес ата-аналардың (занды өкілдердің) қажеттілігіне қарай айқындалады. Ата-аналарға кеңес беру ұзақтығы 30 минутқа дейін.

4.9. Кіші топтық сабактардың болжамды тақырыбын балабақша мамандары анықтайды, бірақ ата-аналардың сұраныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

5. Консультациялық пунктке басшылық ету

5.1. Консультациялық пунктке жалпы басшылықты МДҰ менгерушісі жүзеге асырады.

5.2. МДҰ менгерушісі:

- ата-аналармен консультациялық жұмыс жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;

- кеңес беру жұмысы үшін педагогтерді таңдайды.

6. Консультациялық пункт қызметінің негізгі мазмұны

6.1. Консультациялық пунктте ата-аналарга (занды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті үйымдастыру МДҰ мамандарының қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

6.2. Ата-аналарға (занды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

6.3. Консультациялық пунктте ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған консультациялар, теориялық және практикалық семинарлар үйымдастырылуы мүмкін.

6.4. Консультациялық қызмет келесідей мәселелерді:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктерін;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктерін;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындагы әртүрлі ауытқулардың алдын алуды;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму бұзылыстарын түзету және дамытуды;
- балаларды әлеуметтендіруді;
- балаларды балабақшага барған кезде бейімдеуді;
- дамыту бағдарламасын тандауды;
- ойын әрекетін үйымдастыруды;
- балалардың тамақтануын үйымдастыруды;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасауды;
- балаға жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын білім беру, халыкты әлеуметтік қорғау, деңсаулық сактау жүйесі үйымдары туралы ақпарат беруді қамтиды.

7. Консультациялық пункттің құжаттамасы

7.1. Консультациялық пункттер көрсетілген әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, диагностикалық және консультациялық көмектің есебін жүргізеді (кесте, жұмыс жоспары, консультациялық пункт жұмысын есепке алу журналы, мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмекке консультативтік пунктіне баратын ата-аналарды (занды өкілдерді) тіркеу журналы);

7.2. Консультациялық пунктіндегі ата-аналардың өтініштерін есепке алу журналында мамандар қабылдаған күні, уақыты, тақырыбы, сұраптары, кеңес берушінің аты-жөні және маманның ұсыныстары көрсетіледі.

7.3. Консультациялық пункттің қызметі туралы есеп жылына 2 рет әзірленеді және ағымдағы жылдың 30 маусымы мен 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Білім басқармасына (әдістемелік белімге) жолданады.

8. Консультациялық пункттің жұмысын бағалау критерийлері

Консультативтік пункт жұмысының нәтижелілігін бағалауды және анықтауды ата-аналар әрбір кездесуден кейін жүзеге асырады, ол үшін ата-аналарға сауалнаманы толтыру ұсынылады (сауалнамаға арналған сұрақтарды мамандар дербес дайындайды). Сауалнама деректері бойынша жылдың соңында корытынды шығарылады.

1 Қосымша

**Мамандардың консультациялық пунктіне ата-аналардың
(занды өкілдің) отініштерін есепке алу журналы (мектепке дейінгі
ұйымның атауы)**

№ р/н	Консультаци яны өткізу күні, уақыты	Консультациян ың сұрагы/такырыбы	Консультация өткізу нысаны	Консультантт ың т. а. ә., лауазымы	Консультация барысында ұсынылған ұсынымдар

2 Қосымша

**Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-
аналарына арналған консультациялық пункттің жұмыс жоспары**

№ р/н	Такырыбы	Өткізу формасы	Консультанттың т. а. ә., лауазымы	Өткізу уақыты

3 Косымша

Консультациялық пункттің жұмыс кестесі

№ р/н	Тегі, Аты, Әкесінің Аты	Лауазымы, санат	Қабылдау уақыты